

2022-2023 оқу жылында I тоқсан бойынша жиынтық бағалау өткізудің жоспары

Пән: қазақ әдебиеті

Сынып: 8 А

Тоқсан	Сынып	Бөлім бойынша жиынтық бағалаудың тақырыптары	Өткізілетін күні	Бағалауды өткізу түрі. БЖБ мак.баллы	Жиынтық бағалау рәсімдерінің орындалу ұзақтығы	Мерзімі		Ескерту
						құрастыру	сараптама	
I тоқсан	8 А	БЖБ №1 Дананың сөзі – ақылдың көзі	26.09.2021 ж	2 тапсырма түрінде 7 балл	20 мин	17.09.2021 ж	20.09.2021 ж	
		БЖБ №2 Көркем әдебиет және эпикалық сарын	17.10.2021 ж	3 тапсырма түрінде 10 балл	20 мин	12.10.2021 ж	15.10.2021 ж	
		ТЖБ №2 Дананың сөзі – ақылдың көзі/Көркем әдебиет және эпикалық сарын	23.10.2021 ж	4 тапсырма түрінде 30 балл	45 мин	10.10.2021 ж	21.10.2021 ж	

«Дананың сөзі – ақылдың көзі» бөлімі бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары

Оқылатын шығарма:	Қорқыттың нақыл сөздері
Оқу мақсаты:	8.2.4.1 шығармадан алған үзінділерді қайта өңдеп креативті жазу.
Бағалау критерийі:	Білім алушы Шығармадан алған үзінділерді қайта өңдейді; креативті жазба жұмысын орындайды.
Ойлау дағдыларының деңгейі:	Қолдану
Орындау уақыты:	15-20 минут

1-тапсырма.

Қорқыт атаның нақыл сөздерін өңдеп жазыңыз.

Нақыл сөздері	Оқушының өңдеуі
1. Анадан өнеге көрмеген қызжаман, атадан тағылым алмаған ұл жаман. Ондай бала ел басын құрап, үйінен дәм беруге де жарамайды. 2. Ананың көңілі балада болар. 3. Ұлдың күні күн емес – атадан мал қалмаса, Ата малы пұл емес – баста ақыл болмаса	
Ұқсастықтары	

2-тапсырма.

«Кейіпкерге хат»

1-қадам: Қорқыт ата нақылдарын оқиды.

2 -қадам: Кейіпкерін анықтайды.

Кейіпкерлер: Қорқыт, жастар, ата-ана, бала.

3-қадам: Оқушылар кейіпкерге хат жазу барысында бірнеше жуан, жоғары дәрежелі сұрақ қоюы керек. Егер ... , не болар еді? Неге...? Неліктен ...?

4-қадам: Осы сұрақтарға өзі мүмкіндігінше балама жауап ұсынуы қажет. Мүмкін,... ... болған шығар?

5-қадам: Хат соңында кейіпкерге ұсыныс жазылады.

Қорқыттың нақыл сөздері

«Мыңғырған мал жиғанмен, адам жомарт атанбас.

Анадан өнеге көрмеген қыз жаман, атадан тағылым алмаған ұл жаман. Ондай бала ел басын құрап, үйінен дәм беруге де жарамас.

Ананың көңілі балада болар, жақсы ана үшін бала – екі көздің сыңары. ұлың өсіп жетілсе, ол отбасының мерейі, бас-көзі.

Атадан қалған малы болмаса, баланың күні қараң. Ақылсыз балаға ата дәулетінен қайран жоқ

Бағалау критерийі	№ тапсырма	Дескриптор	Балл
Шығармадан алған үзінділерді қайта өңдейді.	1	Қорқыт нақыл сөздерін қайта өңдеп жазады;	1
		Шығармашылық танытады;	1
		Өз нұсқасын ұсынады.	1
Креативті жазба жұмысын орындайды.	2	Қорқыт нақылдарын шолып оқиды;	1
		Кейіпкерін нақтылайды;	1
		Жоғары деңгейлі бірнеше сұрақ қояды;	1
		Өз сұрақтарына балама жауаптар ұсынады;	1
		Ұсыныс жасайды.	1
Барлығы			8

«Дананың сөзі – ақылдың көзі» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға арналған ақпарат (рубрика)
Қорқыттың нақыл сөздері

Білім алушының аты-жөні

Бағалау критерийі	Оқу жетістігі деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
Шығармадан алған үзінділерді қайта өңдейді.	Шығармадан алған үзінділерді қайта өңдеу жазуда қиналады.	Шығармадан алған үзінділерді қайта өңдеу жазуда қателеседі.	Шығармадан алған үзінділерді қайта өңдеп жазады.
Креативті жазба жұмысын орындайды.	Нақыл сөз кейіпкерін нақтылағанмен жоғары деңгейлі сұрақ қойып, балама жауаптар жазуда қиналады.	Нақыл сөз кейіпкерін нақтылағанмен жоғары деңгейлі сұрақ қойып, балама жауаптар жазуда қателеседі.	Нақыл сөз кейіпкерін нақтылайды жоғары деңгейлі бірнеше сұрақ қояды, өз сұрақтарына балама жауаптар жазып, ұсыныс жасайды.

2-тоқсан бойынша жиынтық бағалауға арналған тапсырмалар Бөлім«Көркем әдебиет және эпикалық сарын»

Толғауы тоқсан қызыл тіл»

I нұсқа

Оқылатын шығарма: Мұрат Мөңкеұлы «Сарыарқа» толғауы

Оқу мақсаты: 8.3.3.1 шығарманың көркемдік идеялық құндылығын гуманистік тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазу;
8.3.4.1 шығарма бойынша жазылған әдеби сын-пікірлерге сүйене отырып, өзіндік сыни пікір жазу

Бағалау критерийі: Білім алушы
Шығарманың көркемдік идеялық құндылығын гуманистік тұрғыдан талдайды;
Әдеби эссе жазады;
Әдеби-сыни пікірлерге сүйеніп, өзіндік сыни пікір жазады.

Ойлау дағдыларының деңгейі: Жоғары деңгей дағдылары

Орындау уақыты: 15-20 минут

1-тапсырма.

«Қазақтың жері-ата-баба мұрасы» тақырыбында әдеби эссе жазыңыз. Жазылымдағы шығарманың көркемдік идеялық құндылығын гуманистік тұрғыдан талдау жасаңыз.

(сөз саны-100)

1-тапсырма

Берілген пікірге сүйене отырып, «Сарыарқа» толғауындағы әлеуметтік мәселелердің суреттелуіне сыни пікір жазыңыз. (сөз саны-70-80)

Іргесі шайқалған дәстүр, адамзат ниетінің бұзылуы, атақоныс, шұрайлы жерлерден айырылу- бұның бәрі отарлаудың зардабы. Олардың қазақтың шұрайлы жерлеріне көз тігуін, халық басына түскен ауыртпашылықты ашып көрсеткен.

Бағалау критерийі	Тапсырма	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Шығарманың көркемдік идеялық құндылығын гуманистік тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазады.	1	Тақырыпты ашады;	1
		Көркемдік-идеялық құндылығын нақты көрсетеді;	1
		Гуманистік тұрғыдан талдау жасайды;	1
		Эссе құрылымын сақтайды.	1
Әдеби сын-пікірлерге сүйеніп, өзіндік сыни пікір жазады	1	Берілген сын-пікірді түсінеді;	1
		Сыни-пікірге сүйеніп талдайды;	1
		Шығармадағы әлеуметтік мәселені анықтайды;	1
		Сыни пікірін жазады.	1
Барлығы			8

«Көркем әдебиет және эпикалық сарын» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға арналған ақпарат (рубрика)
Мұрат Мөңкеұлы «Сарыарқа»

Білім алушыныңаты-жөні _____

Бағалау критерийі	Оқу жетістігі деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
Шығарманың көркемдік идеялық құндылығын гуманистік тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазады.	Шығарманың көркемдік идеялық құндылығын гуманистік тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазуда қиналады. <input type="checkbox"/>	Шығарманың көркемдік идеялық құндылығын гуманистік тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазуда қателеседі. <input type="checkbox"/>	Шығарманың көркемдік идеялық құндылығын гуманистік тұрғыдан талдап, әдеби эссе жаза алады. <input type="checkbox"/>
Әдеби сын-пікірлерге сүйеніп, өзіндік сыни пікір жазады	Әдеби сын-пікірлерге сүйеніп, өзіндік сыни пікір жазуда қиналады. <input type="checkbox"/>	Әдеби сын-пікірлерге сүйеніп, өзіндік сыни пікір жазуда қателеседі. <input type="checkbox"/>	Әдеби сын-пікірлерге сүйеніп, өзіндік сыни пікір жаза алады. <input type="checkbox"/>

1-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

Жиынтық бағалауға шолу

Ұзақтығы: 40 минут

Түсіну және жауап беру- 5 минут

Анализ және интерпретация-15 минут

Бағалау және салыстыру- 20 минут

Балл саны- 30

Көп таңдауы бар сұрақтар

Қысқа жауапты қажет ететін ашық сұрақтар

Толық жауапты қажет ететін сұрақтар

Жиынтық бағалаудың құрылымы

Тоқсандық жиынтық бағалаудың нұсқасы 3 бөлімнен тұрады:

бірінші бөлім-түсіну және жауап беру;

екінші бөлім-анализ және интерпретация;

үшіншісі-бағалау және салыстыруды тексеруге арналған.

Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы

Тапсырма	Қамтылатын мақсаттар	Тапсырмалар түрлері	Тапсырмалар сипаттамасы	Орындау уақыты, минут	Балл
1-5	8.1.1.1 Әдеби шығарманың жанрына байланысты сюжеттік желілерін, эпилог, прологтарды анықтау 8.1.2.1 әдеби шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан ашу; 8.1.3.1 көркем	Жауап нұсқаларынан бір дұрысын таңдау/ жабық сұрақтар	Тапсырма жеке орындалады. Оқушылар оқыған шығармалары негізінде берілген сұрақтарға жауап береді.	10	5
6-10	8.2.1.1 Композицияны тұтастан бөлшекке, бөлшектен тұтасқа қарай талдау 8.2.2.1 Автор бейнесі мен кейіпкерлер қарым-қатынасының тілдік көрінісін талдау; 8.2.3.1 шығармадағы көркемдегіш құралдардың (психологиялық параллелизм, перифраз, сатира, ирония, гротеск, эллипсис) қолданысын талдай отырып, автор стилін анықтау;	Толық жауапты қажет ететін сұрақтар	Оқушылар оқыған шығармалары негізінде берілген сұрақтарға жауап береді. Жауаптар 3-4 сөйлемнен тұруы қажет.	10	15
11	8.3.3.1 Шығарманың көркемдік-идеялық құндылығын гуманистік тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазу	Жазбаша толық жауапты қажет ететін сұрақтар	Берілген тақырыпқа өз көзқарасын дәлелдеп, жазба жұмысын жазады.	20	10
Барлығы				40 минут	30

Тапсырмалар және балл қою кесте үлгісі

«Қазақ әдебиеті» пәнінен 1-тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары

1-БӨЛІМ

1. «Байбөрі баласы Бамсы-Байрақ туралы жырдағы» Бану Шешектің ағасы:

- A) Бибіжан
- B) Жарташық
- C) Жалғаншы
- D) Қаршар [1]

2. Үзіндінің авторын анықтаңыз.

Талпынып салдым егінді,
Ішсін деп әркім тегінді.

Ақылың барын ұғарсың,
Ойың болса сөзімді.

- A) Шалкиіз
- B) Ақтамберді
- C) Махамбет
- D) Бұқар[1]

3. Шалкиіз кімнің кеңесшісі болған?

- A) Жәнібек хан
- B) Есім хан
- C) Би Темір
- D) Абылай хан[1]

4. Бәмсі байрақ гәуірлердің тұтқынына қалай түсіп қалды?

- A) аңға шыққан кезде;
- B) жаугершілікте;
- C) ұйықтап жатқанда;
- D) Саудагерлерге кезіккенде[1]

5. Үзіндінің авторын анықтаңыз

Көп ішінде бір жалғыз

Күйбеңдескен көп жаман

Көп мұңайып жылайды-

Сөз тигенге ұқсайды!

- A) Шалкиіз
- B) Ақтамберді
- C) Қорқыт
- D) Доспамбет [1]

2-БӨЛІМ

6. А. Йассауидың «Даналық кітабындағы» мына жолдардың мағынасына талдау жасаңыз, қорытынды шығарыңыз.

Ахмет Йассауидің «Өмірің өтпес үшін надандықпен, Аллаға қызмет қыл адалдықпен» деген сөзін талдаңыз. Сол арқылы ақынның өмірлік мақсат-мұратын ажыратыңыз.

[5]

7. Шалкиіз жыраудың «Би Темірге бірінші толғауындағы» мына жолдарды қолдана отырып, автор туралы пікіріңізді білдіріңіз.

Тұсындағы болған нартың қорласаң,

Табылмас-ты керек те....

Ақылсыз достыдан

Ақылды дұспан артық-ты.

[5]

8. Ясауи еңбектеріндегі жүрек сөзінің қолданысына талдау жүргізіп, 3-4 сөйлеммен тұжырым жасаңыз.

[5]

3-БӨЛІМ

9. «Қорқыт ата нақыл сөздерінде айтылған құндылықтарды рухани және материалдық деп екіге жіктеп, олардың бүгінгі таңдағы маңыздылығына баға беріңіз.

Балл қою кестесі

№	Жауап	Балл	Қосымша ақпараттар
1		1	5
2	В	1	
3	С	1	
4	А	1	
5	А	1	
6	Үзіндінің мағынасын түсінеді;	2	15
	Өз ойымен байланыстырып талдайды;	2	
	Өзіндік тұжырым жасайды;	1	
7	Автор бейнесін анықтап, талдайды;	2	
	Кейіпкермен қарым-қатынасының тілдік көрінісін талдайды;	2	
	Өз пікірін білдіреді;	1	
8	Шығармадағы материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырады; жаңашылдығына баға береді; бүгінгі күнмен байланыстырады.	2 2 1	
	Жаңашылдығына баға береді;	3	
	Автор стилін анықтайды.	2	
9	Шығарманың көркемдік-идеялық құндылығын гуманистік тұрғыдан талдайды;	3	10
	Ойын нақты жеткізеді	2	

ЖШС «Turan mektebi»-нің

Жиынтық бағалау жүргізу қорытындылары бойынша талдау туралы мәліметтер

Штоқсан

қазақ әдебиеті пәні бойынша

Сынып: 8А

Оқушылар саны: 4

Педагог: Аккозова Гулнар

Мақсаты: Жиынтық бағалау жүргізу қорытындылары бойынша талдау жүргізу

БЖБ және ТЖБ нәтижелерін талдау

Пән	Орындаған оқушы	Макс Балл	ЖБ балдарыныңпайыздыкмазмұны				Сапа %	Үлгерім %
			төмен	орта	жақсы	Жоғары		
			0-39%	40-64%	65%-84%	85-100%		
Оқушыларсаны :4								
БЖБ	4	10	0-3 балл	4-5 балл	6-7 балл	8-9 балл		
1			0	0	1	3	90	100%
БЖБ	4	10	0-3 балл	4-5 балл	6 балл	7 балл		
2			0	0	1	3	90	100%
ТЖБ	4	30	0-6 балл	7-10 балл	11-13 балл	14-16балл		
			0	0	1	3	90	100%

	Қол жеткізілгенмақсаттар	Қиындықтудырғанмақсаттар
БЖБ 1	Шығармадағы материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырып , жаңашылдығына баға бере алады.	Бейнелеуіш құралдарды тапқанда киналады.
БЖБ 2	Коркем шығармадағы кейіпкерлерді сомдауда тура және жанама мінездеулерді жіктей алады.	Стильдік ерекшеліктерді табуда киналады.
ТЖБ	Шығарманың тақырыбын, идеясын,автордың көзқарасын,суреттеулерді,астарлы мағыналарды тусінеді. Эпилог пен прологды анықтайды.	Жоспар құруда,мәтін құрастыруда киналады.

1Тапсырмаларды орындау барысында білім алушыларға туындаған қиындықтар тізбесі:

- Стильдік ерекшелікті табуда киналады
- Бейнелеуіш құралдарды шатастырады.
- эссе,мәтін жазғанда ойын аяқтамайды,2-3 синтаксистік сөйлеммен гана шектеледі.

2Тапсырмаларды орындау барысында білімалушыларға аталған қиындықтардың себептері:

- сөздік қордың аздығы,әдеби кітапты оқымауы
- ата-ананың тарапынан қадағалаудың болмауы

3№3 БЖБ нәтижелерін талдау білім алушылардың келесі білім деңгейін көрсетті: Жоғары (В): 85-100%, орта (С): 40-84%, (Н): 0-39%

- Жоспар бойынша шығарма жазу

3. Тапсырмаларды орындау барысында білім алушыларға аталған қиындықтардың себептері:

- Балалардың тіл байлықтарының аздығы
- есте сақтау қабілеттерінің төмендігі (кейбір білім алушыларда)

4. Жоспарланған түзету жұмысы:

- білім алушылармен ертегі кітаптар оқу,
- мәтінді оқып, мазмұнын айтып үйрену.
- Тірек сөздермен байланыстырып мәтін құрауды дамыту.

Қорытынды.

Білім алушылар алған білімдерін көрсете білді. Берілген оқу мақсаттарына қол жеткізді.

Білім сапасы 91% үлгерім 100% құрайды

Күні: 23.03.2023ж

Педагог: Аккозова Г.